ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ «ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВАДАН ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ («МЕМСАРАПТАМА» РМК) ОҢТҮСТІК ӨҢІРІ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

ФИЛИАЛ ПО ЮЖНОМУ РЕГИОНУ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ» (РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА») КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ПО ИНДУСТРИИ И ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

160023,Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданы, №222,
тел./факс: 8(7252) 425102, 42-51-03, БСН 120741015042,
БСК KCJBKZKX, ЖСК KZ988560000009996698
e-mail: ontustik@gosexpertiza.kz
"Банк Центр Кредит" АҚ

160023,город Шымкент,микрорайон Нурсат,№222
тел.факс: 8(7252) 42-51-02, 42-5103, БИН 120741015042,
БИК KCJBKZKX, ИИК KZ988560000009996698,
e-mail:ontustik@gosexpertiza.kz
АО «Банк Центр Кредит»

11.02.2020 №19-01-01/0148

«А.Р.Т.-Құрылыс» ЖШС
директоры
Б. Тулендиевке

Сіздің 2009-2016 жылдар аралығында мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған 100, 150, 200, 250, 300 оқушыға арналған мектептердің техникалық жағынан күрделі немесе техникалық жағынан күрделі емес екендігі жөнінде түсіндірме бееру туралы 05.02.2020 жылғы № 50 хатыңызды қарап келесіні хабарлаймыз.

Құрылыс нысандарының техникалық жағынан күрделілігіне сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті атқару «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 461-IV Заңымен (2012.10.07 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) (әрі қарай - Заң) енгізілді.

Осы заңның 1 бабымен Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы ҚР 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау туралы 32-бабына өзгерістер енгізіліп сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметін және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалар үш санаттарға бөлінді. Заңға енгізілген өзгерістер күшіне ену мерзімі 6 ай болып белгіленді.

Осы Заңға енгізілген өзгерістерді іске асыру мақсатында «Құрылыс және аумақты қала құрылысына жоспарлау объектілерін жауапкершілік деңгейлеріне жатқызу» ҚР ҚБҚ 1.02-04-2013 Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2013 жылғы 25.07.2013 жылғы № 180-нк бұйрығымен 25.07.2013 жылдан бастап қолданысқа енгізілді. ҚР ҚБҚ 1.02-04-2013 4.8 және 4.9 тармақтарында сәйкес нысандардың техникалық күрделілігі тапсырыс берушімен анықталып бас жобалаушымен нақтыланады делінген.

Жоғарыда аталған құқықтық нормативтік құжаттар қолданысқа енгенге дейін құрылыс нысандарының техникалық жағынан күрделілігі «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1656 қаулысына (әрі қарай - Қаулы) сәйкес анықталған. Қаулының 4 тармағына сәйкес

құрылыс нысандарының техникалық жағынан күрделілігі жобаны әзірлеушімен жобалау барысында анықталады деп көрсетілген.

Қазіргі таңда, өзіңізге белгілі құрылыс нысандарының техникалық және технологиялық күрделілігігі «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығының 9 тармағына сәйкес тапсырыс беруші айқындайды.

Құрылыс нысандарының техникалық және технологиялық күрделілігін анықтау сараптама ұйымдарының құзіретіне кірмейді.

Сіз сұрған нысандардың техникалық және технологиялық күрделілігін анықтау үшін тапсырыс берушілерге немесе бас жобалаушыларға жүгінуіңізге болады.

Директор **Ж. Мықтыбаев**

орын. И. Спатаев
тел. 42-51-02

Мыктыбаев Ж.С.
Директор



Спатаев И.О.
Заместитель директора